







**Тісжегі қуысы туралы түсінік.  
Тісжегі қуыстарын егеп-тазалаудың  
негізгі қағидалары мен  
кезеңдері. Тісжегі қуыстарының  
орналасуына байланысты  
егеп тазалау ерекшеліктері.  
Атипиялық тісжегі қуыстары мен  
тістердің қатты тіндерінің тісжегіден басқа  
аурулары кезіндегі ақаулары.**

**Тісжегі (Caries-костоеда)** дегеніміз тістердің қатты тіндерінің минералды заттарының қышқылда еріп, органикалық заттарының ферменттер әсерінен ыдырап, тіске әртүрлі ақаулардың (тісжегі қуысы ) пайда болуымен сипатталатын патологиялық үрдіс.

# Тісжегі қуыстарының Блэк (1984) жүйесі бойынша 5 класын ажыратады

- I класс** – барлық тістердің табиғи сайлары мен ойықтарында орналасқан тісжегі қуыстары;
- II класс** – үлкен және кіші азу тістердің жанасу беттерінде орналасқан тісжегі қуыстары;
- III класс** – алдыңғы жақтағы тістердің жанасу бетінде орналасқан тісжегі қуыстары;
- IV класс** – алдыңғы тістердің жанасу бетінде олардың тістеу бұрыштары мен тістеу қырларын бұза орналасқан тісжегі қуыстары;
- V класс** – барлық тістердің мойын бөліктерінде орналасқан тісжегі қуыстары.

# Тісжегі қуыстарының Блек ұсынған жүйесі



Классификация кариозных полостей по Блеку.

а — I класса; б — II класса; в — III класса; г — IV класса; д — V класса.

- Бұл жүйеге қоса VI кластың тісжегі қуыстарын ажыратады. Олар тістердің жоғарғы жүйеге кірмеген аймақтарында және тістердің тісжегіден басқа жарақаттары аймағында пайда болатын тісжегі қуыстары. Оларды атипиялық тісжегі қуыстары деп те атайды.
- Тісжегі қуыстарын өңдеудің негізгі қағидалары; бұзылған тіндерді мүмкіндігінше толық алу; бұзылмаған тіндерін барынша сақтау.
- Тісжегі қуысын егеп-тазалаудың негізгі мақсаты-тісжегі нәтижесінде бұзылған тістердің қатты тіндерін алып тастау және пломбы қоюға дайындау.

## **Тісжегі қуыстарын егеп-тазалаудың негізгі кезеңдері:**

- 1) тісжегі қуысының аузын ашу және кеңейту;
- 2) ыдыраған және жұмсарған дентінді алу немесе некроэктомиялау;
- 3) тісжегі қуысына қажетті пішін беру;
- 4) тісжегі қуысы жиегін немесе кіреуке қабатын өңдеу.

- **I-кластық** тістегі қуыстарының пішіндерін әртүрлі етіп қалыптастырады: төртбұрышты, кубқа, цилиндрге, трапецияға, үшбұрышқа ұқсас.
- **II-кластық** тісте қуысын төртбұрышты етіп қалыптастырады. Қажет болса, тістің шайнау бетіне шығарып қосымша алаң жасайды.
- **III-кластық** тісжегі қуыстарына үшбұрыш пішін береді. Қажет болса, тістің ауыз жақ бетіне шығарып, осы бетте қосымша алаң жасайды.
- **IV-кластық** тісжегі қуысына үшбұрыш пішін беріп, қосымша алаңды тістеу қырында, ауыз жақ бетінде қалыптастырады. Тістің ерін-жақ беті бұзылса, қуысты ерін-жақ бетіне шығарып егеп-тазалайды.





- III-IV-кластық қуыстардың ерін-жақ қабырғаларын мүмкіндігінше сақтап қалған тиімді.
- V-кластық тісжегі қуысына сопақ немесе жарты ай пішінін беріп егеп-тазалайды.



# Егеп тазаланған І-кластық тісжегі қуыстары

І-кластық тістегі қуыстарының пішіндерін әртүрлі етіп қалыптастырады: төртбұрышты, кубқа, цилиндрге, трапецияға, үшбұрышқа ұқсас.


- а- тістің шайнау бетінде
- б- бүйір күрек тістің тұйық тесігінде;
- в- төменгі үлкен азу тістің ұрт жақ бетінде;
- г- төменгі үлкен азу тістің шайнау және ұрт жақ бетіндегі қуыстар біріктіріле егеп тазаланған;



Виды полостей I класса.

а — на жевательной поверхности моляра; б — на язычной поверхности резца; в — на щечной поверхности моляра; г — на жевательной и щечной поверхностях моляра при сочетанном поражении.

# Егеп тазаланған II-кластық тісжегі қуыстары



II-кластық тісте қуысын төртбұрышты етіп қалыптастырады. Қажет болса, тістің шайнау бетіне шығарып қосымша алаң жасайды.

а- тісжегі қуысының орналасуы;

б- егеп-тазалау кезеңі;

в- егеп-тазаланған қуыстың пішіні

# Кіші азу тістің жанасу және шайнау беттері қатар жарақаттанған кезде тісжегі қуыстарын егеп-тазалау






а- тісжегі қуысының  
орналасуы;

б- тісжегі қуысын егеп-  
тазалау;

в- егеп тазаланған тісжегі  
қуысы

# Егеп тазаланған III –кластық тісжегі қуыстарының көрінісі




Виды полостей III класса.  
а — при поражении контактной поверхности;  
б — при поражении контактной и язычной  
поверхностей; в — при поражении контактной,  
язычной и губной поверхностей.

III-кластық тісжегі қуыстарына үшбұрыш пішін береді. Қажет болса, тістің ауыз жақ бетіне шығарып, осы бетте қосымша алаң жасайды.

- а- жанасу беті жарақаттанған кезде;
- б- жанасу және тіл жақ беттері жарақаттанған;
- в- жанасу, тіл жақ және ерін жақ беттері жарақаттанған кезде.

# IV –кластық тісжегі қуысының орналасуы және егеп тазаланғаннан кейінгі қуыстардың көрінісі



Виды полостей IV класса.


а — локализация кариозного очага; б, в — формы сформированных полостей.



IV-кластық тісжегі қуысына үшбұрыш пішін беріп, қосымша алаңды тістеу қырында, ауыз жақ бетінде қалыптастырады. Тістің ерін-жақ беті бұзылса, қуысты ерін-жақ бетіне шығарып егеп-тазалайды.

а- тісжегі қуысының орналасуы;  
б, в- егеп тазаланған тісжегі қуысы

# V –кластық тісжегі қуысының орналасуы және егеп тазаланғаннан кейінгі көрінісі



Вид полости V класса.

а — локализация кариозного очага; б — форма сформированной полости.

V-кластық тісжегі қуысына сопақ немесе жарты ай пішінін беріп егеп-тазалайды.

а- тісжегі қуысының орналасуы;

б - егеп тазаланған тісжегі қуысы

**Егер-тазаланған тісжегі қуысының  
мынандай элементтерін немесе  
бөліктерін ажыратады:**

- тісжегі қуысының жиегі;
- қабырғалары;
- бұрыштары;
- табаны;

- Табаны деп тісжегі қуысының тіс ұлпасына қараған қабырғасын айтады және ол тегіс болуы керек.
- Қабырғалар мен табан арасындағы бұрыштар тік болуы керек.
- Тісжегі қуысының жиегі тегіс болуы керек.



- Композиттерді қолданып тістегі қуысын пломбылау кезіндегі тісжегі қуысын егеп-тазалаудың өз ерекшеліктері бар. Себебі композиттің қатты тіндерімен, оның ішінде кіреукемен жақсы механикалық және химиялық байланысқа түседі.

Ал классикалық әдіспен егеп-тазалау пломбының тісжегі қуысында тек механикалық бекуін қарастырады. Бұл ерекшелік тістің бұзылмаған тіндерін мүмкіндігінше сақтап қалу және тек жұмсарған және пигменттелген дентинді алып тастауды қарастырады. Маңызды нәрсе түсі өзгерген кіреукені толық алу және тісжегі қуысы жиегіндегі кіреукені  $45^\circ$  бұрышпен қиып тастау. Бұның өзі пломбының жақсы жабысуын қамтамасыз етеді және кіреуке-пломбы шекарасын жасыруға мүмкіндік береді.

- Тісжегі қуысын егеп-тазалау үшін және пломбының бетін өңдеу үшін карбидті және беттері алмас үгінділерімен жабылған борлар пайдаланылады. Біраз фирмалар түрлеріне байланысты кейбір борларды маркировкасымен шығарады: қара, көк, жасыл жолақтар (бордың сабында) тек тісжегі қуыстарын егеп-тазалауға арналған. Ал қызыл, сары, ақ жолақтары бар борлар мәрелік (финишный) борлар. Олар пломбының бетін тегістеп өңдеуге арналған.

- Тісжегі қуысын егеп-тазалау турбиналық ұштықтың көмегімен су шоғыры қосылған жағдайда орындалады. Су берілмеген жағдайда тістің қатты тіндері қызып кетеді, алмасты бор тез істен шығып ұштық оңай бұзылады.

## **Тісжегі қуысын барлық қағидаларды сақтап егеп-тазалағанның өзінде, қосымша әрекеттерді қажет ететін екі жағдай туындайды.**

- Жұмсарған және пигменттелген дентинді егеп-тазалау барысында дентин өзекшелері ашылып, дентин сұйығы (дентинная жидкость) тісжегі қуысына қарай аға бастайды. Бұл композитті материалдың дентинге жабысуын нашарлатады.
- Егеп-тазалағаннан кейін қуыс қабырғаларында дентин үгінділері, сынықтары, микроорганизмдер клеткалары, температура әсерінен еріген майлар қалады және бұл қабатты «майланған қабат» («смазанный слой» - Smeer layer) деп атайды. Бұл қабат композиттің дентинге жабысуын нашарлатады.

«Майланған қабатты» жоюдың екі-әдісі бар:

- Механикалық
- Химиялық
- Қазіргі кезде жиі қолданылып жүргені «химиялық әдіс немесе қышқылмен өңдеу немесе еріту әдісі» (метод кислотного травления или кондиционирование) .

- Дентинді қышқылмен өңдеу кезінде «майланған қабат және дентинді тығындар» (өзектерге өткен дентин үгінділері), гидроксипатит кристалдары еріп, дентиннің коллаген талшықтары босап шығады. Егер өңделген белдеуге адгезивті жүйенің құрамына кіретін праймер сіңірсе, ол коллаген талшықтарымен гибриді белдеу құрады және композиттің қуыс қабырғасына бекуіне жақсы жағдай туады.

## Атипиялық тісжегі қуыстарын егеп-тазалау ерекшеліктері.

- Атипиялық тісжегі қуыстары тістердің тістеу қырында, шайнау төмпешіктеріне, патологиялық қажалу ошағында кіреуке эрозиясы аймағында, тістің сауытының сынықтары аймағында гипоплазия, флюороз ошақтарында пайда болған қуыстар. Бұл кезде егеп-тазалау шаралары барлық пигменттелген тіндерді алып тастауға бағытталған, ақаулардағы өзгерген кіреуке аймақтары түгелімен алынып, қуыстың табаны мен қабырғалары тегістелуі керек. Тістердің ерін-жақ беттеріндегі кіреуке және өзгеріске ұшыраған дентин толығымен алынып, жиек кіреукесі  $45^\circ$  бұрышпен қиылуы керек.

# Әдебиеттер:

- Боровский Е.В. «Терапевтическая стоматология», москва «Медицина» 2002.
- Боровский Е.В. және б., «Терапевтическая стоматология», Москва «Медгиз» 2008.
- Дмитриева А.Л. «Терапевтическая стоматология», Москва, Медпресе-инфори 2003г.
- Копбаева М.Т. «Некариозные поражения твердых тканей зуба», Алматы, 2001.
- Николишин А.К. «Флюороз зубов». Автореферат дисс. доктора мед. наук. Киев., 1989.
- Николишин А.К. «Наше ведение патогенезе флюороза журнал» Донт Арт. Москва 1996 №2.
- Лукиных Л.М. «Лечения и профилактика кариеса зубов». Н.Новгород издательство НГМА 1999.